

6D110200 - Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша  
Айтмағанбет Перизат Жақсыбайқызының  
«Мұнай-газ өндіруші аймак тұрғындары денсаулығы қалыптасуының  
медициналық- әлеуметтік аспектілері (Жаңажол мұнай-газ кешені мысал  
ретінде)» тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін  
дайындалған диссертациялық жұмысына

## ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҚ ПІКІРІ

PhD докторант Айтмағанбет Перизаттың «Мұнай-газ өндіруші аймак тұрғындары денсаулығы қалыптасуының медициналық-әлеуметтік аспектілері (Жаңажол мұнай-газ кешені мысал ретінде)» тақырыбы қоғамдық денсаулық және экология салаларындағы өзекті мәселелердің бірі. Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға көшуі аясында негізгі міндеттерінің бірі - антропогендік қысымды төмендету арқылы қоршаған ортаны жақсарту, яғни түпкі мақсат халықтың денсаулығын жақсарту, қоршаған орта ластануы денсаулыққа қауіпті жетекші факторлары (антропогендік) ретінде өткір мәселе. Дүниежүзінде аурушандылық пен өлім көрсеткіштерінің жыл сайын өсуі адам организміне әсер етуші қолайсыз факторлардың артуы және экологиялық жағдайдың төмендеуі салдарынан «теріс» көрсеткіш ретінде қарастырсақ, «он» көрсеткіш ретінде мұнай-газ өндірісі орналасқан елді-мекендердің экономикалық дамуы, тұрғындардың әлеуметтік жағдайы мен өмір сапасының жақсаруына ықпалын айтуымызға болады. Осы себепті, тұрғындар денсаулығының қалыптасуына экологиялық, әлеуметтік, экономикалық, өмір сапасының әсер етуін бағалау бойынша зерттеу жұмысының маңыздылығы жоғары.

Диссертациялық зерттеу жұмысы 2017-2019 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің мақсаттық қаржыландыруы бойынша жүзеге асырылған «Қазақстан Республикасының экологиялық қолайсыз аймақтарының экологиялық жүктемесін азайтудың, медициналық қамтамасыз етудің, халықты әлеуметтік қорғаудың және сауықтырудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін әзірлеу» (мемлекеттік тіркеу номері 0117РК00026) ғылыми-техникалық бағдарламасы негізінде жүргізілді. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері материал жинақтау, оларды өндеу, зерттеу материалдарын сараптау, зерттеу нәтижелерін интерпретациялау, талдау және бағдарлама бойынша зерттеу жұмыстарының үйімдастырылуы, саулнама жүргізу, атмосфералық ауадан сынама алу докторанттың тікелей қатысуымен жүзеге асырылған.

Зерттеу жұмысында ретроспективті талдау және бір сәттік көлдененді зерттеу дизайндары қарастырылған. Ретроспективті талдау бойынша денсаулық жағдайлары бойынша 2016-2021 жылдар, экологиялық жағдайды талдауда 2015-2020 жылдар қарастырылған. Бір сәттік көлдененді талдауда тұрғындардың әлеуметтік – экономикалық жағдайы мен өмір сапасын анықтауда саулнама жүргізіліп, статистикалық база жасақталған. Өмір сапасы ретінде GAD-7 саулнамасы қарастырылған. Негізгі және бақылаушы

аймақтар бойынша 18-60 жас аралығындағы 384 ересек тұрғынга психологиялық жағдайын анықтау мақсатында психологиялық тест жүргізілген және осы тұрғындарды тереңдетілген медициналық тексерістен өткізіп, нәтижелері көрсетілген «Амбулаторлық пациенттің медициналық картасы» қолданылған. Қарастырылған объектілер бойынша атмосфералық ауаны ретроспективті және бір сәттік көлдененді зерттеу жүргізіліп нәтижелері анықталған аурушандылық пен психологиялық жағдайлармен корреляциялық және регрессиялық талдау жасақталған.

Жүргізілген диссертациялық зерттеу жұмысы докторанттың зерттеу жұмысында қолданылған зерттеу әдістерін толық менгергендігін, алынған нәтижелерді сараптай отырып, ғылыми еңбек жазуы, өзінің зерттеу жұмысын толық игергендігін көрсетеді. Диссертациялық жұмыс тақырыбының және алынған нәтижелердің ғылыми және тәжірибелік маңыздылығын ескеріп, Айтмағанбет Перизаттың «Мұнай-газ өндіруші аймақ тұрғындары денсаулығы қалыптасуының медициналық- әлеуметтік аспектілері (Жаңажол мұнай-газ кешені мысал ретінде)» тақырыбында жазылған ғылыми зерттеу жұмысы 6D110200 – “Қоғамдық денсаулық сактау” мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,  
Марат Оспанов атындағы БҚМУ,  
Қоғамдық денсаулық және денсаулық сактау  
кафедрасының доценті, м.ғ.к.

К.К. Калдыбаев

